

**Екібастұз қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 11 ақпандағы "Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына 2011 жылға әлеуметтік көмек туралы" N 101/1 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 25 қарашадағы N 1116/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 13 желтоқсанда N 12-3-309 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 2013 жылғы 29 қаңтардағы N 24/1-23/88 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің аппарат басшысы 29.01.2013 N 24/1-23/88 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, 37-бабы 1, 7-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихатының 2011 жылғы 25 қазандағы (IV шақырылған, кезектен тыс XXXVI сессия) "Екібастұз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы (IV шақырылған, кезекті XXVII сессия) " Екібастұз қаласының 2011 - 2013 жылдарға арналған бюджеті туралы" N 309/27 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 382/36 шешімі негізінде , азаматтардың жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында және кадрлық өзгерістердің болуына байланысты, Екібастұз қаласының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 11 ақпандағы "Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына 2011 жылға әлеуметтік көмек туралы" ( нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-3-292 болып тіркелген, 2011 жылғы 3 наурыздағы N 9 "Отарқа" және 2011 жылғы 4 наурыздағы N 10 "Голос Экибастуза" газеттерінде жарияланған) N 101/1 қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Екібастұз қаласы азаматтарының жекеленген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау бойынша комиссия құрамына (бұдан әрі – комиссия):

Айгүл Қамзақовы Марданова, Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары,

комиссия төрағасы болып;

Татьяна Алексеевна Тарасова, "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары болып;

Ирина Петровна Назарчук, "Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия мүшесі болып енгізілсін;

2) комиссия құрамынан Ғ.А. Оспанқұлов, Ә.Қ. Базарбаева, Б.Қ. Құспеков шығарылсын;

3) 3-тармақтың 1) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"республикалық (облыстық) және қалалық газеттерге жазылу үшін біржолғы әлеуметтік көмек төлеу үшін – "Қазпошта" акционерлік қоғамының пошта бөлімшесіндегі немесе екінші деңгейдегі банктердегі жеке шотының нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілген өтініш";

4-тармақтың 1) тармақшасы келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:  
"республикалық (облыстық) және қалалық газеттерге жазылу үшін 5100 теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек";

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары А.Қ. Мардановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы Н. Дычко*